

"Сорттар оригинаторларын тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы № 91 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 13 мамырдағы № 15-07/222 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 03 маусымда № 8492 тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Сорттар оригинаторларын тіркеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы № 91 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2746 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2004 ж. № 25-28, 368-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:
«Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:»**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сорттар оригинаторларын тіркеу ережесінде:
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Сорттар оригинаторларын тіркеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес әзірленді және сорттар оригинаторларын тіркеу тәртібін а й қ ы н д а й д ы . » ;

5-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмесін;» ;

Сорттар оригинаторларын тіркеу ережесіне өтініш осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (С.С. Хасенов) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2013 жылғы 13 мамырдағы
№ 15 - 07 / 222 бұйрығына

қосымша

Сорттар оригинаторларын

тіркеу ережесіне қосымша

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне

(жеке тұлғаның тегі, аты және бар болған жағдайда әкесінің аты, заңды тұлғаның толық атауы)

ӨТІНІШ

(ауыл шаруашылығы өсімдігі, сорт көрсетілсін)
сорт оригинаторы деп тіркеуді сұраймын.

Жеке немесе заңды тұлға туралы мәліметтер:

1. Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың деректері _____

(№, кім және қашан берілді)

2. Мекенжайы: _____

(индексі, қаласы, ауданы, облысы, көшесі, үйдің №, телефоны, факсы)

3. Банктік деректемелер _____

(ЖСН (БСН), МФО, шот №, банктің атауы және тұрған жері)

4. Қоса беріліп отырған құжаттар: _____

(Сорттар оригинаторларын тіркеу ережесінің 5-тармағына сәйкес)

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты және әкесінің аты болған жағдайда)

Мөр орны

20__ жылғы «__» _____

Өтініш қарастыруға 20__ жылғы «__» _____ қабылданды.

(өтініш қабылдаған жауапты тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты болған жағдайда,
қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК